

«Ступинка негізгі мектебінің» 2024-2025 оқу жылында қыркүйек, қазан айларында психологиялық қызмет бойынша жүргізілген жұмыстардың есебі.

2024-2025 оқу жылында мектепшілік психологиялық қызметтің жылдық жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жыл бойы психологиялық жұмыстар төмендегідей бес бағытта жұмыс жүргізіледі:

1. Психодиагностика
2. Дамыту-түзету / коррекция/ жұмыстары
3. Психологиялық ағарту және сақтандыру жұмыстары
4. Психологиялық кеңес беру
5. Әлеуметтік –диспетчерлік қызмет

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне байланысты жүргізілген психологиялық профилактикалық диагностикалық жұмыстар алынды.

Мақсаты: Баланың мектепке дайындығын, яғни есте сақтауын, ойлауын және зейінінің даму барысын айқындау.

2024-2025 оқу жылында бірінші сыныпта төрт оқушы бар.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау барысында оқушылармен психологиялық, профилактикалық, диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Жұмыс барысында төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылды:

- «Керн-Иерасек» тесті;
- «Ер баланың суретін салу»;
- «Жазба әріптерін көшіріп жазу»;
- «Нүктелер топтамасы»;

Қорытынды: Оқушыларды мектеп оқуына бейімделуін бақылау бойынша, барлығы 100-ге дейін санай алады, әріптерді біледі, геометриялық фигураларды біледі, түстерді ажырата алады. Математикадан қосу, азайту, тең белгілерін біледі. Кітаптан көшіріп жаза алады. Жалпы 1- сынып оқушылары мектепке бейімделуі жақсы 80% көрсетеді. Оқушылардың көңіл күйін көтеріп, қарым-қатынастарын жақсарту мақсатында психологиялық тренинг жүргізілді.

Кемшіліктер: Оқушыларды жылдамдыққа үйретпеу, өз ойын жеткізгенше көңілін бөлу.

Мұғалімдерге кеңес:

1. Жастайынан бастап, логикалық дамуына ықпал ететін тапсырмаларды орындауға, сол секілді ойындар ойнатуға трысыңыз. Ақыл-ойды дамытатын бірнеше тапсырмаларды беріңіз.
2. Ешқашан балаларға бұйрық беру арқылы оқытпаңыз. Бұл еш нәтиже бере алмайды. Баланың әрқайсысымен дос ретінде қарым-қатынаста болыңыз, мүмкін сізден көмек керек шығар. Кейбір пәндерді меңгеруге қиындық туып жүрсе көмектесіңіз. Ол сізге сенетін болсын.

3. Баланың сабақтан кейінгі уақытын тиімді пайдалануы жөнінде ата-анасына түсіндіріңіз. Үй тапсырмасын орындап, демалу, уйдегі уақытын тиімді пайдалансын.

Ата-аналарға кеңес:

1. Балаңыздың уақыттылы жатуын қадағалаңыз.
2. Мектеп туралы жаман айтпаңыз. Баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылмаңыз.
3. Бала үй тапсырмаларына, мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып, қадағалағаныңызды көрсін.
4. Өзіңіз де кітап оқыңыз, бала ата-аналарының бос уақытын тек теледидармен телефон алдында өткізбейтінін көрсін.
5. Балаға өз ойын жазбаша жеткізуді үйретіңіз: онымен хат жазып алмасыңыз, бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасымен бөліссе, сол оқиға жайлы әңгіме құрастырып жазуын өтініңіз, ал кешкісін оны барлық отбасы мүшелеріне оқып беріңіз.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі.

Мақсаты: 5-сынып оқушыларының бір бірімен қарым-қатынасын, пәнге деген көз қарасын, мұғалімге деген көз қарасын анықтау.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде, психологиялық тұрғыда жайлы жағдай жасауына мынадай диагностикалық жұмыстар өткізілді. Мектепке келу мотивациясын анықтауға, жаңа қосылған пәндерге оқушының көзқарасын, сыныптастарымен, сынып жетекшісімен, жаңадан сыныпқа келген оқушылармен, пән мұғалімдерімен, қарым-қатынасын анықтау мақсаттарда, оқушылармен психо-диагностикалар өтізіліп тұрды. (тест, сұрақнама, тренинг жаттығулары, әңгіме) және ата-аналаға онлайн кеңес берілді, оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін талқылап ұсыныс, ақпараттар беріліп отырылды. 5-сынып оқушыларының бейімделуі жақсы, сәтті өтті. Бейімделу барысында оқушылардың темпераменті анықталды, сабаққа қызығушылығы бойынша сауалнама аланды.

Ұсыныстар:

5-сыныпта оқушының оқытуға табысты бейімделуі бастауыш және орта буындар арасындағы байланыстың жалғастылығына байланысты болды. Бұл кезде дамудың жасөспірімдік кезеңіне аяқ басатын 10–11 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктеріне, 5-сыныпқа көшкен баланың таным әрекетінің деңгейіне талдау жасау қажет; бейімделу кезеңінің табысты өтпеу себебіне және оларды жеңе білудің мүмкін жолдарына талдау жасау керек. Қыркүйек–қазан айларында сынып жетекшісі сыныпқа мінездеме жасап, пән мұғалімдерімен әр балаға баға беруі тиіс.

2024-2025 оқу жылына арналған кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын–алу жөніндегі іс-шаралар.

Өткізілген іс-шара мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы суициалды мінез-құлықтың алдын алу. Жалпы мектеп оқушы саны: 44. Кәмелетке толмағандар

арасында суицидтік мінезді ескерткі және оның алдын алу мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Джанибеков А.К, мектеп психологі-Исиркепова А.А, мектеп медбикесі- Бекишова К.Е бірлесе отырып жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

ДТІЖО- Джанибеков А.К, мектеп психологі-Исиркепова А.А. және сынып жетекшілермен бірлесе отырып тұрақты түрде сәтсіз жанұяларды анықтау жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі кезге дейін сәтсіз жанұя анықталмады.

Қыркүйек айының екінші аптасында ата-аналар комитетімен санитарлық талаптарды орындай отырып, «Сіз өз балаңызды білесіз бе?» тақырыбында сауалнама алды. Сауалнамаға 8 ата-ана келіп, 50 ата-ана гугл формасы арқылы жауап берді. Нәтижесінде ата-аналар өз балаларының мінез-құлық ерекшеліктерін, оқушы бойындағы қасиеттерін, оқу пәндеріне қызығушылығын және оқушылардың қандай кәсіби мамандыққа икемділігі бар екендігі анықталды.

Қыркүйек айының төртінші аптасында «Ата –ана мен бала арасындағы қарым қатынас» туралы бейнероликтерді ата-аналар чаттарына жіберу арқылы кері байланыс алды. Мақсаты: Адамзатты тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы,оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Отбасы тұлға қалыптастырушы бесік екенін түсіндіру.

Қазан айында «Жасөспірімдердегі суициалды мінез-құлықтың алдын-алу» тақырыбында баяндама жазып, сынып жетекшілер арқылы ата-аналар чаттарына жіберді. Баяндама бойынша ата-аналардан кері байланыс берді. Ата аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. Қараша айында Өмірдегі «қиын» жағдайдан шығу үшін «жеткіншекке жадынама» бұрыш ұйымдастыру «Сенім телефоны» нөмірлерін насихаттау, тарату мақсатында «Сенім телефоны» тұрақты түрде жұмыс істейді, және сол туралы ақпараттар оқушылар да, ата-аналар да хабардар. Қандай жағдайда болмасын мәселенің шешілетін қиын жағдайдан шығу әрекетінің бар екендігін оқушыларға психологиялық оқу іс әрекетінің және сауалнама барысында да түсінік жұмыстары жүргізілді. Қорытынды : Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар өз құқықтарын білетіндігі анықталды. Қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа байланысты «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында жасырын сауалнама алынды. «Тұрмыстық зорлық зомбылықтың баланың психо-эмоционалды дамуына әсері» атты слайд ата-аналар чаттарына жіберілді. Сауалнамаға жалпы 7-9 сынып оқушылары қатысты.

Қатысқан оқушылар саны-16

Қатыспаған оқушылар саны-0

Тақырыбы: Жыныстық сипаттағы және зорлық-зомбылық.

Мақсаты: Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық жыныстық сипатын анықтау.

Қорытынды: Оқушылардан сауалнама алмас бұрын жоғарыда аталған

тақырып бойынша слайд жіберіліп, кеңес берілді.Сауалнама қорытындысы бойынша зорлық-зомбылыққа қатысты оқушылар арасында ешқандай деректер анықталмады. «Қыз- ұлт болашағының анасы» тақырыбында жиналыс өтті. Баяндама оқылып, «Қыз бала тәрбиесі қандай болуы керек?» атты сауалнама алынды.Нәтижесінде Сауалнамаға 5-9 сынып қыздары қатысты. Мақсаты:оқушылардың оқуға деген қызығушылығын анықтап, ерте жүктілік туралы ақпарат беру.

Қорытынды: 5-9 сынып қыздар арасында сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды. Қыздар өздері туралы толық әрі шынайы жауап жазды. Қыздар арасында ерте жүктіліктің қыз тағдырына әсерін жақсы біледі. Мектепте ерте жүктілікке тап болған қыздар анықталған жоқ. Сауалнама бойынша көп қыздар «Ерте жүктіліктің алдын алу жолдары туралы» толық таныс емес. Ұсыныс: Мектеп медбикесі ерте жүктіліктің алдын алу жолдарымен таныстыру, ақпарат беру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сынып жетекшілерге:қыздарға арналған ырым-тыйымдар туралы түсінік беру жұмыстарын жүргізу. Қыздардың ата-аналарымен байланыс жасап, қыздарға тәрбие берудің тиімді жолдарын түсіндіру.

Кез келген уақытта қол жетімді болу үшін мектебімізде «жеткіншекке жаднама» бұрышы ұйымдастырылған «Сенім поштасы» жұмыс істейді.

Педагог-психолог: Исиркепова А.А.